

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Оку-агарту министрлігі
«Атырау облысы Білім беру
басқармасының Құрманғазы ауданы
білім бөлімінің «Айбебек» бөбекжай-
балабақшасы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорын



Министерство Просвещения
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Коммунальное государственное
казенное предприятие «Ясли-сад
«Айбебек» отдела образования
Курмангазинского района Управления
образования Атырауской области»

БҮЙРЫҚ

«17» желтоқсан 2024 жыл

Құрманғазы ауылы

ПРИКАЗ

№1-127

село Курмангазы

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдауды
жасақтаушы балабақшаішілік жұмысшы топ
құру туралы**

Аудандық білім бөлімінің 2024 жылдың 17 желтоқсандағы №06-01-06-13-05-2/2446 санды
хатын орындауға байланысты ҚР-ның Мемлекеттік қызмет істері және Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуін үлгілік қағидаларын бекіту
туралы» бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балабақшаішілік ішкі талдауды жасақтаушы төмендегідей құрамда жұмысшы топ
құрылсын:
 - 1) 3.Ш.Шамарданова- менгеруші
 - 2) К.А.Амирғалиева- әдіскер
 - 3) М.М.Ертаева- педагог-психолог
 - 4) К.Ж.Ажғалиева- медбике
 - 5) У.Дауталиева- шаруашылық менгерушісі
 - 6) А.А.Шугаевова- бухгалтер
 - 7) Ж.Е.Айтжанова- тәрбиеші, кәсіподак төрайымы.
2. Менгеруші болмаған кезде міндеттін атқарушы не оның лауазымын алмастыратын
қызметкер әдіскер К.А.Амирғалиеваның шешімі сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз болып табылсын.
3. Ишкі талдау 30 (отыз) жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізілетіні және қажет
болған жағдайда менгерушінің бұйрығы негізінде 15 (он бес) жұмыс күнінен
аспайтын мерзімге ұзартылатыны ескерілсін.
4. Ишкі талдау жылына кемінде бір рет жүргіzlіsіn.
5. Ишкі талдау жүргізу кезінде талдамалық анықтама жасалсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Айбебек» бөбекжай-балабақшасы
КМҚК менгерушісі

Бұйрықпен таныстым

3.Шамарданова

К.Амирғалиева

М.Ертаева

К.Ажғалиева

У.Дауталиева

А.Шугаевова

Ж.Айтжанова

«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бойынша 2024 жылдағы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама

желтоқсан 2024 жыл

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл туралы» Заңына барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады.

Осыған орай, «Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК-да 2024 жылда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Балабақшаның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Балабақшаның ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың жұмыс тобымен балабақша өз қызметінде пайдаланатын нормативтік-құқықтық және құқықтық актілер зерделенді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында балабақшада ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі ішкі талдау келесі бағытында жүргізілді:

1.Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысусы:

«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК-да 1 (бір) штат бірлігіндегі уақытша немесе бос педагогикалық қызметкер орнына конкурс жарияланады, техникалық қызметкер орнына enbek.kz порталына жарияланып, аудандық мансап орталығына хабарласып, уақытша немесе тұрақты қабылданған барлық педагогикалық және техникалық қызметкерлермен еңбек шарты жасақталады. Ағымдағы жылды аталған мектепке дейінгі ұйымда 14 педагог және 17 техникалық қызметкер, барлығы 31 қызметкер жұмыс жасайды. Жұмысқа қабылданған қызметкерлермен enbek.kz порталында электрондық түрде еңбек шарттары есепке алынып, барлық қызметкерлер туралы мәлімет ҰБДК-на енгізілді.

2024 жылды 13 еңбек шарты жасақталған, музика жетекшісі орнына бірнеше рет конкурс жарияланды, бірақ маманның болмауына байланысты конкурс өтпелі деп танылды, қазіргі уақытта маман болмағандықтан зейнеткерлік жастағы педагогпен уақытша еңбек шарты жасалды.

Тұрақты жұмысқа орналасқан- 6 қызметкер, уақытша жұмысқа орналасқаны- 7 (соның ішінде маусымдық- 4), бұзылғаны- 2 (еңбек шартының мерзімінің аяқталуы), өз еркімен- 5.

Бұл жылды ата-аналар немесе қызметкерлер т.б. тараптан түскен арызашагымдар болған жоқ.

2. Мемлекеттік сатып алу және бюджет қарожатын игеру бойынша:

Тәрбиеленушілерді тамақтандырумен қамтамасыз етуде азық-түліктер, наң және ет өнімдерін сатып алу үшін конкурс өткізілді.

Барлығы 103 дана, оның ішінде қызмет көрсетеу- 23, жұмыс- 1, тауар- 75 мемлекеттік сатып алу келісім шарты жасалды.

Бюджет қаражатын игеруде бұзушылықтар болған жок.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсетеу бойынша:

Балаларды балабақшаға қабылдау ҚР БФМ-нің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетеу қағидаларын бекіту туралы» бүйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған тәрбиелік шаралар:

Өскелен ұрпақты тәрбиелеу қоғамдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың ерекшеліктері» тақырыбында қызметкерлермен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Тақырып бойынша баяндама оқылды, ұсыныс, пікірлер айтылып, іс-тәжірибелермен бөлісті.

Жыл сайын барлық қызметкерлермен саулнама жүргізіледі. Тәрбиеленушілер мен ата-аналар арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» сурет байқауы болып өтті. Балабақшада сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық стенд жадынамалармен жабдықталған, жаңартылып отырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданатын шараларды жақсарту бойынша ұсыныстар:

Қызметкерлердің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Зандарының талаптарын орындаудың қамтамасыз ету.

Қорытынды:

«Айбебек» бөбекжай-балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорында 2024 жылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жок.

Жұмысшы тобы:



менгеруші З.Шамарданова
әдіскер К.Амирғалиева
педагог-психолог М.Ертаева
медбике К.Ажгалиева
шаруашылық менгерушісі У.Дауталиева
бухгалтер А.Шугаевова
тәрбиеші Ж.Айтжанова